

**Дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 512 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 312 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 тамызда № 14115 болып тіркелді

«Ғарыш қызметі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 1-тармағының 21) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – **Қ а ғ и д а л а р**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті (Е. М. Ш а й м а ғ а м б е т о в):

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік **т і р к е л у і н ;**

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну қағидаларына 1-қосымшасыз (қызмет бабында пайдалану үшін) баспа және электронды түрінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бірлескен бұйрық алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну қағидаларына 1-қосымшасыз (қызмет бабында пайдалану үшін) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына (ведомстволарға, ұйымдарға) және дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі **ұ л т т ы қ** **о п е р а т о р ы н а** **ж е т к і з у ;**

5) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2)

және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық Қағидаларға 1-қосымшаны қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Қорғаныс министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

\_\_\_\_\_ И. Тасмағамбетов

2016 жылғы 20 маусым

2016 жылғы 27 маусым

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік күзет қызметінің

б а с т ы ғ ы

\_\_\_\_\_ А. Күреңбеков

2016 жылғы 13 шілде

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы «Сырбар»  
Сыртқы барлау қызметінің директоры

\_\_\_\_\_ Г. Байжанов

2016 жылғы 8 шілде

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

т ө р а ғ а с ы

\_\_\_\_\_ В. Жұмақанов

2016 жылғы 7 шілде

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

2016 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің

2016 жылғы 20 маусымдағы № 512

ж ә н е

Қазақстан Республикасы

**Дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Ғарыш қызметі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 1-тармағының 21) тармақшасына сәйкес әзірленді және дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді жоспарлау және көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) дәлдігі жоғары орнығу – сараланған түзету және мониторинг орталығының өзінің кеңістік координаттарының және қозғалыс жылдамдығы векторы құрамдауыштарының «метрлік», «сантиметрлік» немесе «миллиметрлік» дәлдігін анықтауды қамтамасыз ету үшін тұтынушыларға түзетуші ақпаратты ұсыну;

2) дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі (бұдан әрі – ДЖСНЖ) – жаһандық навигациялық спутниктік жүйе пайдаланушыларын координаттық-уақыттың параметрлерді, оның ішінде географиялық координаттар мен биіктіктерді, қозғалыс жылдамдығы мен бағытын, уақытты айқындау дәлдігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін қосымша ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған техникалық және бағдарламалық құралдар кешені ;

3) ДЖСНЖ-нің ақпараттық ресурстары – спутниктік навигациялық қызметтерді ұсыну міндеттерін шешу үшін ДЖСНЖ-нің ұлттық операторы түрлендіретін және пайдаланатын деректер (хабарламалар, мәлімдемелер, ақпарат) жиынтығы;

4) ДЖСНЖ-нің ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымы – дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесінің ақпараттық ресурстарын жинауды, өңдеуді және беруді, оның ішінде ведомстволық не көпшілікке қолжетімді байланыс және ақпарат беру жүйелері арқылы қамтамасыз ететін ақпараттық-телекоммуникалық орта;

5) ДЖСНЖ-нің ұлттық операторы (бұдан әрі – ДЖСНЖ операторы) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, оған ДЖСНЖ құру, пайдалану және дамыту міндеттері жүктелген, жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысумен акционерлік қоғам ;

6) жаһандық навигациялық спутниктік жүйелер (бұдан әрі – ЖНСЖ) – жерүсті, су

және әуе объектілерінің координаттық-уақыттық (географиялық координаттары мен биіктіктерінің, қозғалыс жылдамдығы мен бағытының, уақыттың) параметрлерін айқындауға арналған ғарыш жүйелері;

7) ЖНСЖ тұтынушысының навигациялық аппаратурасы (бұдан әрі – ТНА) – тұтынушы тұрған орнының үш координатын, жылдамдық пен уақыт мәнін құрайтын үш векторды анықтау мақсатында Ресей Федерациясының ЖНСЖ-нің, басқа ЖНСЖ және олардың функционалдың қосымшалар құралдарының стандартты дәлдікті навигациялық сигналдарын қабылдауға және өңдеуге арналған аппаратура;

8) ЖНСЖ ішкі саралау жүйесінің бақылау-түзетуші станциясы (бұдан әрі – саралау станциясы) – белгілі координаталары бар жерде орналасқан, ЖНСЖ навигациялық сигналдарын қабылдауға және өңдеуге, орналасқан нүктенің кеңістік координаталарына түзетулерді есептеуге және ЖНСЖ тұтынушысы сараланған түзетулер әрекетінің радиусында болған кезде оның кеңестіктік координаттарын анықтау дәлдігін арттыру үшін ЖНСЖ тұтынушыларына оларды байланыс арналары арқылы жіберуге арналған радиоэлектрондық және техникалық құралдар кешені;

9) жылжымалы объектілерді диспетчерлендіру – ДЖСНЖ-нің (сараланған түзету және мониторинг орталығының құрамындағы) есептеу орталығының функционалды өзара байланыс құралдарын, оның ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымы мен навигациялық терминалдарын пайдалану арқылы навигациялық қызмет объектілері қозғалысының координаттық-уақыттық параметрлері туралы деректерді жинау және өңдеу міндеттерін шешу процесі.

10) кеңістіктік-созылыңқы бойлы объектілерді мониторингілеу жүйесі (бұдан әрі – КСОМЖ) – стратегиялық және режимдік объектілер және құрылыстардың кернеулі – сараланған жай-күйін автоматты мониторингілеуді орындауға арналған техникалық және бағдарламалық құралдар кешені;

11) навигациялық қызмет объектілері – ТНА-мен жасақталған және ДЖСНЖ-нің ақпараттық ресурстарын пайдалану процесіне қатысатын объектілер;

12) навигациялық терминал (бұдан әрі – НТ) – координаттық-уақыттық, телеметрикалық параметрлерді және өзге қызметтік ақпараттарды жылжымалы объектілердің диспетчерлеу жүйесінде анықтау, сақтау және беру қосымша функциялары бар ЖНСЖ тұтынушысының навигациялық аппаратурасы;

13) Ресей Федерациясының жаһандық навигациялық спутниктік жүйесі (бұдан әрі – ГЛОНАСС) – кеңістіктік координаттарды, қозғалыс жылдамдығы векторының құрамдауыштарын, сағат көрсетуінің түзетулерін және Жер бетінің кез келген нүктесінде, Әлемдік мұхит айдынында, ғарыш кеңістігінің әуе және жер кеңістігінде ЖНСЖ тұтынушысының сағат көрсетулерін өзгерту жылдамдығын анықтауға арналған Ресей Федерациясының навигациялық спутниктік жүйесі;

14) Ресей Федерациясының жаһандық навигациялық спутниктік жүйесінің стандартты дәлдік сигналдары – тиісті сигналдарға арналған интерфейсті бақылау

құжаттарында айқындалған Ресей Федерациясының ЖНСЖ-нің навигациялық спутниктік жүйелері L диапазонының үш кіші диапазонында (L1, L2 және L3) және Ресей Федерациясының ЖНСЖ-нің навигациялық сигналдарының барлық тұтынушыларына қол жетерлік кез келген басқа болашақ кіші диапазондарда, тұрған орынның үш координатын, жылдамдық векторының үш құрамдауышын және Ресей Федерациясының ЖНСЖ-нің жүйелік уақытына және Ресей Федерациясының UTC (SU) ұлттық уақыт шкаласына қатысты тұтынушының уақытша шкаласының жағдайын анықтау үшін берілетін сигнал;

15) сараланған түзету және бақылау орталығы – сараланған станциялардан алынатын деректерді алуға және өңдеуге арналған әрі тұтынушыларды ДЖСНЖ ақпараттық ресурстарымен қамтамасыз ету үшін ДЖСНЖ ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымын қолданатын техникалық және бағдарламалық құралдар кешені;

16) спутниктік навигация қызметтері – объектілердің координаттық-уақыттың параметрлерін айқындау жөніндегі қосымша (ЖНСЖ стандартты берілетін қызметтерге қатысты) қызметтерге қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған қызмет;

17) спутниктік навигация қызметтерін тұтынушы (бұдан әрі – тұтынушы) – ДЖСНЖ операторының қызметтерін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

18) түзетуші ақпарат (бұдан әрі – ТА) – өлшенетін навигациялық параметрлерге сараланған түзетулерді қамтитын деректер және навигациялық-уақыттың анықтамалардың дәлдігін, сенімділігін және дұрыстығын арттыру үшін тұтынушылардың навигациялық аппаратурасында пайдаланылатын басқа да хабарламалар.

## **2-тарау. ДЖСНЖ операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру тәртібі**

3. Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде ДЖСНЖ операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және көрсету ерекшеліктері осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес р е г л а м е н т т е л е д і .

4. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабына сәйкес айқындалған режимдік, аса режимдік және аса күзетілетін объектілерінің дислокация орындарында ДЖСНЖ-нің ақпараттық ресурстарын пайдалану шектеледі.

5. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде ДЖСНЖ операторы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылдар кезінде «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төтенше жағдайлар туралы халықты ақпараттандыру

және қауіпсіздік саласындағы іс-шараларды жүргізу үшін спутниктік навигациялық қызметтерді пайдаланудың абсолютті басымдығын қамтамасыз етеді.

### **3-тарау. ДЖСНЖ операторының спутниктік навигациялық қызметтер көрсету тәртібі**

6. ДЖСНЖ операторы көрсететін спутниктік навигациялық қызметтердің кепілді к о л е м і :

- 1) дәлдігі жоғары орнығу қызметтері;
- 2) ТНА паспортында көрсетілетін, мәлімделген техникалық сипаттамаларға ТНА сәйкестігін бағалау бойынша қызметтер;
- 3) ТНА және НТ әзірлеу, өндіру, іске асыру және сервистік қызмет көрсету б о й ы н ш а қ ы з м е т т е р ;
- 4) жылжымалы объектілерді диспетчерлеу бойынша қызметтер;
- 5) КСОМЖ құру жөнінде қызметтер және оларды техникалық қолдау бойынша қ ы з м е т т е р ;

6) тұтынушыларды ТНА және НТ пайдалануға оқыту бойынша қызметтер.

7. ДЖСНЖ операторының спутниктік навигациялық қызметтерді көрсетуі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке және заң тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметтеріне қосылуға өтінім негізінде жүзеге асырылады.

8. Тұтынушылардың ДЖСНЖ операторынан дәлдігі жоғары орнығу қызметтерін ұсынуға жеке және заң тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметтеріне қосылуға өтінім келіп түсу уақыты тұтынушының ДЖСНЖ ақпараттық ресурстарын пайдалануға жоспарланған күніне дейін екі жұмыс күнінен аспауы тиіс

9. ДЖСНЖ операторының дәлдігі жоғары орнығу қызметтері тұтынушыларда ТА қабылдау функциясы бар ТНА болған кезде ұсынылады.

10. ДЖСНЖ операторының жылжымалы объектілерді диспетчерлеу бойынша қызметтері тұтынушыларда НТ бар кезде және олар ДЖСНЖ (сараланған түзету және мониторинг орталығы құрамында) есептеу орталығымен байланыс арнасын қамтамасыз е т к е н к е з д е ұ с ы н ы л а д ы .

11. ДЖСНЖ операторы жеке және заң тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметтеріне қосылуға өтінімін қабылдаған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде спутниктік навигациялық қызметті көрсетудің техникалық және ұйымдастыру м ү м к і н д і г і н қ а р а й д ы .

12. Жеке және заң тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметтеріне қосылуға өтінімді қарау нәтижесінде ДЖСНЖ операторы тұтынушымен спутниктік навигациялық қызметтер көрсетуге шарт жасасады не тұтынушыға дәлелді бас тарта отырып, х а б а р л а м а жібереді.

13. Тұтынушыға спутниктік навигациялық қызмет көрсетуден бас тарту үшін

мыналар негіз болып табылады:

1) нысанның сәйкес келмеуі немесе тұтынушымен жеке және заң тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметтеріне қосылуға өтінім нысанын дұрыс толтырылмауы;

2) тұтынушының ДЖСНЖ операторы бұрын ұсынған спутниктік навигациялық қызметтерге төлем бойынша шартты міндеттемелерін орындамауы;

3) «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 1999 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен таратылуы шектелген спутниктік навигациялық қызметтердің нәтижелерін тұтынушыға беру мүмкіндігінің болмауы.

14. Спутниктік навигациялық қызметтер үшін төлем мерзімі мен тәртібі Шартта көрсетіледі.

*Қызмет бабында пайдалану үшін  
№ 2 дана*

Дәлдігі жоғары спутниктік навигациялық  
жүйесі ұлттық операторының спутниктік  
навигациялық қызметтерді ұйымдастыру  
және ұсыну қағидаларына 1-қосымша

**Р Қ А О - ның ескертпесі!**

**"Қызмет бабында пайлану үшін" грифімен берілген құжаттар "Заң" ДБ-ға  
енгізілмейді**

Дәлдігі жоғары спутниктік навигациялық  
жүйесі ұлттық операторының спутниктік  
навигациялық қызметтерді ұйымдастыру  
және ұсыну қағидаларына 2-қосымша

Нысан

**Заң тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметтеріне қосылуға  
өтінім**

Заңды тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметіне қосылуға өтінім	
1	Компания атауы
2	Компанияның мекенжайы
3	Өтініш берушінің байланыс деректері
	Тегі Аты Әкесінің аты
	Телефон (ұялы/қалалық)
	E-mail

4	Қолданылатын навигациялық қабылдағыш	Навигациялық қабылдағыштың моделі: ДЖСНЖ жұмыс үшін пайдалануға жоспарланатын қабылдағыштың саны:
5	Тапсырыс берілетін қызметтің атауы	
6	Қажетті қызмет көрсету орны (қала/ауыл/аудан)	Қала: _____ Аудан: _____ Облыс: _____ Ауыл: _____
7	Қажетті координаттар жүйесі	<input type="checkbox"/> W G S - 8 4 <input type="checkbox"/> C K - 4 2 <input type="checkbox"/> Жергілікті координаттар жүйесі <input type="checkbox"/> ПЗ-90 <input type="checkbox"/> C K - 6 3 <input type="checkbox"/> _____ (қажетті КЖ көрсету)
8	Қажетті түзетуші ақпараттың форматы	<input type="checkbox"/> R T C M v . 2 . 0 <input type="checkbox"/> C M R + <input type="checkbox"/> R T C M v . 3 . 0 <input type="checkbox"/> L e i c a <input type="checkbox"/> C M R <input type="checkbox"/> _____ (қажетті форматты көрсету)
9	Қызметті көрсету күні және кезеңі	Қызмет көрсетудің басталу уақыты: 20__ жылғы «__» _____ Қызмет көрсету кезеңі: <input type="checkbox"/> 1 ай <input type="checkbox"/> 3 ай <input type="checkbox"/> 6 ай <input type="checkbox"/> 12 ай
10	Зерттеу қызметіне лицензия (инженерлік-геодезиялық жұмыстар) (уәкілетті органдармен берілген (бар болған жағдайда))	Лицензияны берілген күні: «__» _____ ж. Лицензия №: _____
11	Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы лицензия (ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті органдармен берілген (бар болған жағдайда))	Лицензияны берілген күні: «__» _____ ж. Лицензия №: _____
12	Порталда өтініш берушінің сәйкестендіру деректері*	Логин: _____ Құпиясөз: _____

\* <http://svsn.kz/sbc> ДЖСНЖ жоғары дәлдігі орнығу қызметінің порталы. Бастапқы сәйкестендіруді орындау үшін клиент Логині мен Парольді көрсетеді. Кейіннен тұтынушы ДЖСНЖ порталында тағайындалған Парольді өзгертуі қажет.

Өтінім мынадай құжаттар бар болған кезде қабылданады: заң тұлғаның мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтама (филиалды немесе өкілдікті есеп тіркеуі туралы куәлік); бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН).

Өтініш NMEA хаттамасының GGA хабарламаларын жіберу функциясын навигациялық қабылдағышта міндетті қосу шартымен қамтамасыз етіледі.

Өтініш берушінің қолы

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

## Физикалық тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметтеріне қосылуға өтінім

Физикалық тұлғалар үшін дәлдігі жоғары орнығу қызметіне қосылуға өтінім



1	Өтініш берушінің байланыс деректері:	
	Тегі Аты Әкесінің аты	
	Жеке сәйкестендіру нөмірі	
	Тұратын мекенжай	
	Телефон (ұялы/қалалық)	
	E-mail	
2	Қолданылатын навигациялық қабылдағыш	Навигациялық қабылдағыштың моделі: _____ ДЖСНЖ жұмыс үшін пайдалануға жоспарланған навигациялық қабылдағыштың саны: _____
3	Тапсырыс берілетін қызметтің атауы	
4	Қажетті қызмет көрсету орны (қала/ауыл/аудан)	Қала: _____ Аудан: _____ Облыс: _____ Ауыл: _____
5	Қажетті координаттар жүйесі	<input type="checkbox"/> WGS - 84 <input type="checkbox"/> СК - 4 2 <input type="checkbox"/> Жергілікті координаттар жүйесі <input type="checkbox"/> ПЗ-90 <input type="checkbox"/> СК - 63 <input type="checkbox"/> _____ (қажетті КЖ көрсету)
6	Қажетті түзетуші ақпараттың форматы	<input type="checkbox"/> RTCM v. 2.0 <input type="checkbox"/> CMR + <input type="checkbox"/> RTCM v. 3.0 <input type="checkbox"/> Leica <input type="checkbox"/> CMR <input type="checkbox"/> _____ (қажетті форматты көрсету)
7	Қызметті көрсету күні және кезеңі	Қызмет көрсетудің басталу уақыты: «__» _____ 20__ ж. Қызмет көрсету кезеңі: <input type="checkbox"/> 1 ай <input type="checkbox"/> 3 ай <input type="checkbox"/> 6 ай <input type="checkbox"/> 12 ай
8	Зерттеу қызметіне лицензия (инженерлік-геодезиялық жұмыстар) (уәкілетті органдармен берілген (бар болған жағдайда))	Лицензияны берілген күні: «__» _____ ж. Лицензия №: _____
9	Ғарыш қызметін жүзеге асыруға лицензия (ғарыш кеңістігін қолдану саласындағы уәкілетті органдармен берілген (бар болған жағдайда))	Лицензияны берілген күні: «__» _____ ж. Лицензия №: _____
10	Порталда өтініш берушінің сәйкестендіру деректері*	Логин: _____ Күпиясөз: _____

\* <http://svsn.kz/sbc> ДЖСНЖ жоғары дәлдігі орнығу қызметінің порталы. Бастапқы сәйкестендіруді орындау үшін клиент Логині мен Парольді көрсетеді. Кейіннен тұтынушы ДЖСНЖ порталында тағайындалған Парольді өзгертуі қажет.

Өтініш NMEA хаттамасының GGA хабарламаларын жіберу функциясын навигациялық қабылдағышта міндетті қосу шартымен қамтамасыз етіледі.

Өтініш берушінің қолы

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК